

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 тамыз N 1235. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті болып қайта аталсын.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.09. N 214 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі бір айлық мерзімде бұрын қабылданған кесімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін, сондай-ақ көрсетілген қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі